

БӨЛІМ: ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР

Сынып жетекшінің жылдық Е С Е Б І

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/53411/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сынып: 8«А»**Сынып жетекшісі: Сенгирбаева Салтанат Бахтыбаевна****Жалпы еңбек өтілі: 11 жыл 3 ай****Сынып жетекшілік еңбек өтілі: 2 жыл Санаты: I****Ұлты: қазақ****Бітірген оқу орны, жылы: Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ ШИ****Мамандығы: биология пәнінің мұғалімі****Сынып тәрбие жұмысының тақырыбы: Оқушыларды адалдық, еңбекқорлық, әдептілік қасиеттерге тәрбиелеу****Мақсаты:** Оқушыларды адамгершілігі мол, кішіпейіл, рухани бай, табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу.**Күтілетін нәтиже:** Оқушылар бірін-бірі бағалап, қадірлеуді, адами қарым-қатынас құндылығын түсінеді.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілген:

- Қазақстандық патриотизм, азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

- Рухани-адамгершілік тәрбиесі
- Рухани-адамгершілік тәрбиесі
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру

Мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жоспар құрылған, олар:

- Құқық бұзушылықтың алдын-алу;
- Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- Өз -өзіне қол жұмсау алдын алу;
- Ұлдар және қыздармен жұмыс;
- Ата -анамен жұмыс;
- Діни экстремизммен күрес;
- АҚТҚ-ЖҚТБ -ның алдын алу;
- Нашақорлық және темекімен күрес;
- Жолда жүру ережесін сақтау;

Атқарылған жұмыстардың бағыты	Атқарылған жұмыстар
<p>Құқық бұзушылықтың алдын-алу</p> <p>Мақсаты: Оқушыларға құқық бұзушылық туралы тәрбие беру.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында « Біз-тәуелсіз Қазақстан ұланымыз » атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.Әр тоқсанда ата-аналар жиналысы болып өтті.</p> <p>2017-2018 оқу жылында сыныпта құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Көп жасаған қария-ақылы асқан дария», «Салт-дәстүрім-қазынам», «Қазақ спортшылары» атты сынып сағаттары өз уақытында өткізілді өткізілді.</p> <p>1.Сынып бойынша барлық оқушы саны - 24</p> <p>2. Ұлттық құрамы: · Қазақтар — 24 · Өзбектер жоқ</p> <p>3. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы Тұл жетім - жоқ Жартылай жетімдер саны - жоқ Көп балалы жанұя саны - 5 Аз қамтылған жанұя - 1 Қиын оқушылар саны - жоқ Оралмандар саны - жоқ Үйден оқытылатын оқушылар саны - жоқ Сәтсіз отбасы — жоқ Жалдамалы пәтерде жүріп оқитын балалар саны - жоқ</p> <p>Оқушылардың сабаққа қатысуы: жақсы деңгейде оқушылар сабақтан себепсіз қалмайды. Оқушылардың күнделігін тексеру: Тексеру барысында кемшіліктер болды,уақытында жойылып отырды. Кітап қоры:қазақ тілі 24,әдебиеттік оқу 24,математика 24 ,өзін өзі тану 24,ағылшын тілі 24, қазақ әдебиеті 24</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Сыныптағы сынып оқушылары бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды, ынтымақтастық артты.</p>
<p>Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу Мақсаты: Оқушылар зорлық-зомбылық туралы білу.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын -алу мақсатында «Заңды білу-заман талабы», «Елдің бірлігі-ең асыл қасиет» атты сынып сағаттары өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Оқушылар өз міндеттерін,құқықтарын, бейбітшіліктің артықшылығын білді.</p>
<p>Суицидтің алдын алу Мақсаты: Суицид туралы мәлімет білу</p>	<p>2017-2018 оқу жылында суицидтің алдын-алу мақсатында «Әкем менен анамнан үлгі алып өсем мен» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Ата-ананың қадір-қасиетін ұғынды, соларға еліктеу қажеттігін білді.</p>
<p>Ұлдар және қыздармен жұмыс Мақсаты: Сыныптағы ұлдар мен қыздар ұлттық руханиет туралы білу.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында ұлдар және қыздармен «Баланың бас ұстазы- ата-анасы»тақырыбында сынып сағаты, «Балаңды аясың аяма» тақырыбында « дөңгелек үстел» өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Ұлдар мен қыздар топпен жұмыла жұмыс жасауды,ұлттық рухтың биік болу қажеттігін білді.</p>

<p>Ата -анамен жұмыс</p> <p>Мақсаты:Ата -аналармен жұмыс жүргізу.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында ата -ана комитеті тағайындалды. Әр тоқсан бойынша ата -аналар жиналысы өткізілді. «Жаңартылған білімге жаңаша көзқарас» тақырыбында баяндама оқылды.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: «Үштік одақ» жұмысын жандандыру</p>
<p>Діни экстремизммен күрес</p> <p>Мақсаты: Оқушылар діни экстремизм туралы мәлімет біледі.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында «Ақпараттық мәдениет дегеніміз не?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Ақпараттық мәдениетпен қарулану-діни экстремизмге тосқауыл боларлық қорған екендігін білді.</p>
<p>АҚТҚ — ЖҚТБ -ның алдын алу;</p> <p>Нашақорлық және темекімен күрес</p> <p>Мақсаты:АҚТҚ -ЖҚТБ туралы мәлімет біледі</p>	<p>2017-2018 оқу жылында «Ішімдік пен нашақорлыққа қарсы шаралар»тақырыбында сынып сағаты өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: АҚТҚ-ЖҚТБ туралы білді.</p>
<p>Жолда жүру ережесін сақтау</p> <p>Мақсаты:Жолда жүру ересі туралы түсінік қалыптастыру.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында сынып оқушыларымен «Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында пікір алмасу сағаты өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Оқушылар жолда жүру ережесін білді.</p>
<p>Байқаулар бойынша</p> <p>Мақсаты:Ұжымдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>2017-2018 оқу жылында қазан айында «Күз ханшайымы» байқауы болды .Байқауда 8 «А» сынып оқушысы-Күмісбек Айгул жүлделі үшінші орынды иеленіп,мақтау қағазымен марапатталды.</p> <p>2017-2018 оқу жылының ақпан айында «Жігіт сұлтаны — 2018» байқауы болды. Байқауда 8 «А» сынып оқушысы Ералиев Руслан жүлделі бірінші орынды иеленіп, мақтау қағазымен марапатталды.</p> <p>2017-2018 оқу жылының ақпан айында «Жас талант -2018» байқауы болып, оған 8«А» сынып оқушылары: Күмісбек Айгүл, Танашева Алина, Өсербаева Қасиет, Махсұт Әбдірәйім қатысып мақтау қаздарымен марапатталды.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Топпен жұмыс істеудің нәтижесі қуаныш әкелетінін, ұжымдық жұмыс жеңіске бағытталатындығын,ұжыммен жұмыс істеудің артықшылықтарын білді.</p>
<p>Атқарылған сыныптан тыс сабақтар.</p> <p>Мақсаты: Оқушылардың ой өрісін дамыта отырып, пікірталаста еркін сөйлеуге дағдыландыру.</p>	<p>2017-2018 оқу жылыда оқушылар сыныптан тыс сабақтарға белсенді қатысып отырды.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Оқушылар кітаптың пайда зияны туралы пікірталаста еркін сөйлеуге дағдыланды.</p> <p>«Жастардың кітап оқуға ынтасы неге төмен?» атты дебат сабағын өтті.</p>
<p>2015-2016 оқу жылындағы 8 бағыт бойынша атқарылған жұмыстар</p> <p>Мақсаты: Оқушылар патриотизм,азаматтық ,рухани адамгершілікке тәрбиелеу</p>	<p>2015- 2016 оқу жылында 8 бағыт бойынша атқарылған жұмыстар « Қазақ халқының ерлік істері», «Шырайлы Шымкентім», «Құқықтық сауаттылық-құқықтық мәдениеттің алғышарты», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында сынып сағаттары, «Біз-тәуелсіз елдің ұланымыз» тақырыбында Тәуелсіздіктің 26 жылдығына орай ашық тәрбие сағаты өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Тәуелсіздік жолында тағдырын сарп еткен ата-бабаларымыз бен аға-әпкелеріміздің жанкешті еңбегін түсінді, тәуелсіздікке қосар үлестің ауқымды болу керектігін ұғынды.</p>

<p>Рухани-адамгершілік тәрбиесі</p> <p>Мақсаты: Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тәрбие сағатынан Әр аптаның дүйсенбі күні ҚР-ның Әнұраны орындалып тұрады, әр аптаның қорытындысы шығарылады.</p> <p>Желтоқсан айы патриоттық ай болып жарияланды.</p> <p>Мақсаты: 1) Өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі мен оған деген құрметті қалыптастыру; 2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздеріне деген құрметін күшейту; «Рухани адамгершілік тәрбие-қоғам төзімділігінің негізі», «Әке-асқар тау, ана-мөлдір бұлақ, бала-жағасындағы құрақ», «Адамның жақсы өмір сүруіне негіз бола алатын адами қасиеттер», «Діни экстремизм мен терроризм» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді</p> <p>Күтілетін нәтижесі: ӨзОтанына деген сүйіспеншілік сезімі ояны,ҚР-ның рәміздеріне деген құрметі күшейді.</p>
<p>Ұлттық тәрбиесі</p> <p>Мақсаты: Ұлттық тәрбие беру.</p>	<p>Мақсаты: Оқушыларға ибалы ұл,инабатты қыз болуға тәрбиелей отырып, адамгершілікке,ұлттық рухты сіңірген ұрпақ болып қалыптасуға бағыт бағдар беру. « Ұлттың болашағы-біздің бірлігімізде», «Мемлекеттік тілді білу-әрбір азаматтың борышы», «Өз халқының мәдени мұрасын ұмытпау», «Тәуелсіздік-тұғырымы!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Ибалы ұл,инабатты қыз болу-ұлт ұятын құрайтындығын түсінді.</p>
<p>Отбасы тәрбиесі</p> <p>Мақсаты: Отбасылық құндылық тәрбиесін беру.</p>	<p>Мақсаты:Отбасыны,оның мүшелері: ата-ананы сыйлауды,қазыналы қарияларды құрметтеуді үйрету. «Отбасы тәрбиесін жетілдірудегі педагогикалық ұжым мен отбасының бірлескен қызметі», «Халықтың қартын сыйлауы-елінің салтын сыйлауы», «Тәртіптің ең тамаша мектебі-отбасы», «Баланы қалай тәрбиелеу керек?» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Отбасыны, отбасы мүшелерін, отбасы үлкендерін құрметтеуді білді.</p>
<p>Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие</p> <p>Мақсаты: Еңбекке,экономикалық және экологиялық тәрбие беру.</p>	<p>Мақсаты: Туған өлке,қазақ жерін қорғау-әр азаматтың құқығы екендігін,жалқаулық-адам бойындағы жағымсыз кесел екендігін түсіндіру «Адамды адам еткен-еңбек», «Біз экономика туралы не білеміз?», «Ұлттық валюта, теңге күні», «Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Жалқаулықты жеңуді, табиғатқа жанашырлықпен қарауды үйренді.</p>
<p>Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие</p> <p>Мақсаты: көп мәдениетті және эстетикалық тәрбие беру.</p>	<p>Мақсаты: Көп ұлтты Қазақстан халқының бауырындағы ұлттар мен ұлыстар мәдениетіне жауапкершілікпен, мәдениеттілікпен қарау</p> <p>Күтілетін нәтиже: Мемлекеттік тілдің маңыздылығы мен көп ұлтты Қазақстан елінің мейірбандығын ұғынды.</p>
<p>Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі</p>	<p>Мақсаты: Игерген білімді өмірде пайдалануға, өмірде өз орындарын дұрыс табуға тәрбиелеу. «Өмір бойы білім алу-адамзаттың борышы», «Әлемде талай қызық бар», «Не?Қайда?Қашан?», «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Игерген білімді өмірде пайдалануды, өмірде өз орындарын дұрыс табуды түсінді.</p>
<p>Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты Мақсаты: Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтына тәрбиелеу</p>	<p>Мақсаты: Спорт-денсаулық кепілі екендігін, саламатты өмір салты спортпен байланысты екендігін ұғындыру.тәрбиелеу. «Дұрыс тамақтану-денсаулық негізі», «Туберкулездің алдын алу», «Халықаралық шылым шегуден бас тарту күні», «ЖҚТБ-ғасыр дерті» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Саламатты өмір салтының маңыздылығын түсінді</p>

<p>Дәстүрлі мерекелік іс- шаралар</p> <p>Мақсаты: Мерекелерді сезіну, тәрбиелік мәнін ашу.</p>	<p>2017-2018 оқу жылы еліміздің бас қаласы-Астана қаласында өтілген «ЭКСПО-2017 халықаралық көрмені ұйымдастыруымен тұспа-тұс келді. Іс-шара Республика көлемінде дәріптелді. Біздің мектебімізде де бұл іс-шараларға атсылысып жоспарлап түзіліп, бекітілді. Мектеп аясында осы тақырыптарға байланысты тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, спорттық іс-шаралар, мерекелік концерттер өткізілді.</p> <p>1 –қыркүйек күні «Білім күні», 1-желтоқсан күні «Тұңғыш Президентім», 16 желтоқсан күніне орай «Тәуелсіздік-тұғырым», жаңа жыл мерекесіне орай «Жарқыра, жалында, көгілдір от!», 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Анаға сәлем», 9 мамыр жеңіс күніне орай, 25 мамыр күні «Соңғы қоңырау» мерекелік іс-шаралары өтілді.</p> <p>Күтілетін нәтижесі: Мерекелерді шынайы сезінді, өзіндік үлес қосты, тәрбиелік мәнін білді.</p>
<p>Қорытынды</p>	<p>2017-2018 оқу жылында жалпы сыныпты 24 оқушы бітірді. 4 оқушы үздік, 7 оқушы екпінді, 13 оқушы қанағаттанарлық деген бағамен бітірді.</p> <p>8 «А» Сынып оқушылары барлық қоғамдық істерге де, мерекелік іс-шараларға да белсенді атсалысып отырды.</p> <p>Елбасымыздың бастамасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жеке «Сананың ашықтығы» бағдары бойынша тәрбиелеп отырған ұрпағымыз салауатты өмір ұстанымын ескере отырып, ұлт ұрпағын саналы азамат етіп, жалғастыру, тәрбиелеу басты міндетіміз деп білемін.</p>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.